

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
НҰРА АУДАНЫ
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
**«СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН
АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ
БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»**
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
**«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
ШКОЛА имени САКЕНА
СЕЙФУЛЛИНА»**
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
НУРИНСКОГО РАЙОНА
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2024 жыл қыркүйектің 02-і № 118

Ахмет ауылы

село Ахмет

Инклюзивтік білім беру туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №385 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 500, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 595 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттесттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №125 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі түзеу педагогикалық Ұлттық-практикалық орталығының «Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға жалпы білім беру мектебінде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету» әдістемелік нұсқаулығына сәйкес, «Қарағанды облыстық № 6 психологиялық-медициналық –педагогикалық консультациясы» КММ қортындыларының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024-2025 оқу жылының 1 қыркүйегінен бастап 4,7 қазақ сыныбы инклюзивті сынып болып саналсын.
2. Инклюзивті білім алушы 4-қазақ сыныбының оқушысы Кенжеболат Аңсардың, 7 қазақ сыныбының оқушысы Сабихан Аружанның атаналарымен келсім шарт құрылсын
3. 4-қазақ сыныбының оқушысы Кенжеболат Аңсардың жұмыс оқу жоспарына сәйкес бейімделген оқу бағдарламасы, 7 қазақ сыныбының оқушысы Сабихан Аружанның жеке жұмыс оқу жоспары бекітілсін
4. 4,7 қазақ сыныптарында сабақ беретін пән мұғалімдері ЕБҚ оқушыларға арналған нұсқаулыққа сүйене отырып, ПМПК қорытындысына, оқушы деңгейіне сәйкес жеке күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар құрсын
5. Оқушылармен мектеп психологі Л. А. Ишанкулова, әлеуметтік педагог М. С. Болатова, дефектолог С. Халымбай кесте құрып, жұмыс жүргізсін
6. ЕБҚ бар оқушыларымен жоғары деңгейде жұмыс атқару және инклюзивті білім берудегі әдіс-тәсілдерді дамыту мақсатында пән мұғалімдері біліктілікті көтеру курстарына жіберілсін
7. Ерекше білім алу қажеттілігі бар оқушыларды анықтау және жұмыс жүргізу мақсатында, мектеп бойынша психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметі жұмысын жалғастырсын
8. ЕБҚ бар оқушымен педагогикалық процесті ұйымдастыру, қажетті жағдай жасау, әдістемелік көмек көрсету мектеп директорының оқу ісі бойынша орынбасарлары А. К. Асылбековаға, Б. Н. Тукешоваға жүктелсін
9. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау мектеп директорының оқу ісі бойынша орынбасары Б. Н. Тукешоваға жүктелсін.

Мектеп директоры:



А.Е. Балабиев

Бұйрықпен қол қою арқылы

таныстырылды

Орындаушы: Б.Н. Тукешова